

7

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы
ХАТТАМА №1

«29» тамыз 2022ж.

Төрайымы: Калдина Зауре Асенгалиевна

Хатшы: Жетруова Г.К.

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

28. Калдина Сауле Асенгалиевна – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

29. Ұлжабаева Анар Расуловна – мүшесі

30. Агедиллов Марат Амерханович - мүшесі

31. Машихина Вера Васильевна – мүшесі

32. Токмурзина Несібелі Меккеқызы – мүшесі

33. Шатыбаев Манарбек Умирзакович – мүшесі

34. Доскалиева Жазира Оралбаевна – мүшесі

35. Бөлекеева Назерке Сазановна – мүшесі

36. Иманбаева Мадина Есимбековна – мүшесі

Шақыруымен: Мектеп директоры: О.И. Бегжанов

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, міндеттерін бөлу.
2. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Бегжанов Орынбасар Избасарович сөз алып, мектептің оқу-тәрбие үрдісі мен материалды-техникалық базасын жетілдіруде қамқоршылық кеңестің маңызды рөл атқаратынына тоқталып, қамқоршылық кеңесін құрудың маңыздылығын атап көрсетті. Сондай-ақ қамқоршылық кеңеске мүшелікке шақырылған азаматтарға лицейге жанашырлық танытып жүргендері үшін алғыс білдіріп, қатысып отырғандар ішінен төрағасын және хатшы тағайындау қажеттігін айтты.

Осы мәселе бойынша екінші болып сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жетруова Гүлжан Кусмановна отырғандарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.07.2017ж. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы № 355 бұйрығымен таныстырды.

Отырысқа қатысушылар аздаған талқылаудан соң кеңес хатшысы ретінде бірауыздан 8 ә кластың ата-анасы бастауыш класс мұғалімі Жұмахметова Т.Ж. бекітілді.